

JEL classification: M41, Q13

N. A. Baiboltaeva,
Candidate of Economic Sciences, Professor,
NAO "Kazakh National Agrarian University",
Almaty, The Republic of Kazakhstan

A. T. Makulova,
Doctor of Economics Sciences, Professor,
Narxoz University,
Almaty, The Republic of Kazakhstan

PROBLEMS OF THE DEVELOPMENT OF ORGANIZATIONS OF ACCOUNTING IN THE PEASANT (FARMER) ECONOMIES

Abstract

Purpose – of the study is the theoretical justification and development of practical recommendations for the organization of accounting in peasant (farm) farms of the Republic of Kazakhstan

Methodology – in the course of research based on statistical data characterizing the stat of the research object, such approaches as systemic, logical and comparative analysis were used.

Originality / value – as a result of the research, methodical recommendations were developed for the formation of a simplified system for organizing accounting and financial reporting of peasant (farm) households, taking into account the specifics of the activities of small agricultural enterprises. These recommendations can be used to develop a scientifically grounded methodology for organizing accounting and drawing up financial statements of peasant (farmer) households - small business entities.

Findings – peasant (farmer) farms now need a more efficient regulatory framework that regulates the organization of accounting and reporting, respectively, with their specifics. Accounting should be simple, but at the same time, it allows to receive full and reliable information about ongoing processes in the current economic activity for the operational management of these processes. Therefore, it is necessary to develop a universal model of conducting simplified accounting in the peasant farm, taking into account the sectoral specifics and forms of management.

Key words – peasant (farm) economy, small business entity, accounting, financial reporting, national financial reporting standard, international financial reporting standards.

УДК 631.162

Н. Ә. Байболтаева,
экономика ғылымдарының кандидаты, профессор,
Қазақ Ұлттық аграрлық университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы
А. Т. Макулова,
экономика ғылымдарының докторы, профессор,
Нархоз Университеті,
Алматы, Қазақстан Республикасы

ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕПТІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация

Зерттеудің мақсаты – жан-жақты теориялық және тәжірибелік зерттеулердің негізінде республикамыздағы шаруа қожалықтарының бухгалтерлік есебін ұйымдастыруды дамыту жөнінде ұсыныстар жасау.

Әдіснама – зерттеу барысында және ақпараттарды талдау кезінде зерттеу объектісінің жағдайын және даму тенденцияларын сипаттайтын статистикалық мәліметтер негізінде жүйелілік, логикалық және салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

Түпнұсқалылық/құндылық – зерттеу нәтижесінде шаруа қожалықтарының есебін ұйымдастыру мен қаржылық есептілігін құру бойынша әдістемелік ұсыныстар берілді. Бұл ұсыныстар шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын шаруа қожалықтарының есебін ұйымдастыру және қаржылық есептілігін құру бойынша әдістемелік ұсыныстарды дайындауда пайдаланылуы мүмкін.

Қорытынды – шаруа қожалықтары қазіргі кезде өздерінің шаруашылық қызметі мен ұйымдық құрылымының ерекшеліктеріне сай бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мен қаржылық есептілікті құруды реттеуші тиімді нормативтік базаны қажет етеді. Фермердің өз бизнесін оперативті басқарып отыруы үшін есеп қарапайым болғанымен, оның ағымдағы шаруашылық қызметі жөнінде толық әрі дұрыс ақпараттар алуына мүмкіндік жасауға тиісті. Сондықтан шаруа қожалықтарының салалық және шаруашылық жүргізу ерекшеліктерін ескере отырып, оларда бухгалтерлік есеп жүргізудің әмбебап моделін жасау қажет.

Түйін сөздер: шаруа қожалығы, шағын кәсіпкерлік субъектісі, бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік, қаржылық есептіліктің ұлттық стандарты, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары.

Қазіргі кезде республикамызда ауылшаруашылығының дамуына ерекше көңіл бөлініп отыр. Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ауыл шаруашылығын қарқынды дамыту өнімнің сапасы мен экологиялық тазалығын сақтай отырып жүргізілуі қажет. Бұл бүкіл әлемге танылатын «Қазақстанда жасалған» табиғи азық-түлік брендин қалыптастырып, ілгерілетуге мүмкіндік береді» - делінген. Сондай-ақ, жолдауда «5 жыл ішінде агроөнеркәсіп кешеніндегі еңбек өнімділігін және өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын, тиісінше, кем дегенде 2,5 есеге арттыруды тапсыратындығы» туралы айтылған болатын [1, 46.].

Агроөнеркәсіп кешенінің ауылшаруашылығы саласын нарықтық қатынастардың талабына сай өркендету, шаруашылық жүргізудің әр түрлі нысандары арқылы нарықтық қатынастардың дамуы біздің республикамызда көптеген әртүрлі меншік түрлері мен шаруашылық жүргізу нысандарының пайда болуына және дамуына жағдай туғызды. Қазіргі кезде республикамызда өндірістік кооперативтер, акционерлік қоғамдар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер (ЖШС), шаруа қожалықтары (ШҚ) сияқты шаруашылық жүргізу нысандары қалыптасып дамуда (1 кесте) .

Кесте 1 – Республикадағы ауылшаруашылығы құрылымдарының саны (2017 жылғы 1-ші қаңтарға)

Шаруашылық жүргізу нысандары	Бірлік
Ауылшаруашылығы құрылымдарының барлығы соның ішінде:	187624
Ауылшаруашылығы кәсіпорындары	9740
Шаруа қожалықтары (ШҚ)	177884
Ескерту – ақпарат көздері негізінде құрастырылды [2, 15 б.]	

Республикамызда ауылшаруашылығы құрылымдарының елеулі бөлігін шаруа қожалықтары құрайды. 2017 жылдың 1 қаңтарына шаруа қожалықтары 177884 бірлікті, яғни еліміздегі барлық ауылшаруашылығы құрылымдарының 94,8%-ын құрады. Солардың ішінде Оңтүстік Қазақстан облысында - 67932 бірлік немесе еліміздегі шаруа қожалықтарының жалпы санының 38,2%-ы, Алматы облысында – 42118 бірлік немесе 23,7%-ы және Жамбыл облысында – 15578 бірлік немесе 8,8 %-ы тіркелген [2,15-16 б.].

Бұдан шаруа қожалықтарының бүгінгі таңда ауылда шаруашылық жүргізуші келешегі зор ұйымдық-құқықтық нысан екендігін көреміз.

1) Қазақстан Республикасының "Кәсіпкерлік кодексіне" сәйкес тұлғалардың жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыруы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ауыл шаруашылығы өнімін өндіру үшін пайдалануға, сондай-ақ осы өнімді қайта өңдеумен және өткізумен тығыз байланысты еңбек бірлестігі шаруа немесе фермер қожалығы деп танылады [Микро-шағын шаруа қожалықтарына бухгалтерлік есепті шоттар жүйесін пайдаланбай-ақ, қарапайым есеп регистрлерінде ұйымдастыру;

2) Шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде танылған шаруа қожалықтарында

шоттар тізбегін, қосарлы (екі жақты) жазу тәсілін және қаржылық есептіліктің Ұлттық стандартында ұсынылған есеп регистрлерін пайдалана отырып, жеңілдетілген (қысқартылған) нысанмен ұйымдастыру.

Біздің ойымызша, шаруа қожалықтарының бухгалтерлік есебін дамытуды төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырған дұрыс:

- жеңілдетілген бухгалтерлік есеп жүйесін қалыптастыру;
- шаруа қожалығының шаруашылық қызметін толық көрсету үшін бухгалтерлік есептің арнайы регистрлерін жасау;
- шағын кәсіпкерлік субъектісі ретінде танылған шаруа қожалықтары үшін қаржылық есептіліктің жеңілдетілген (қысқартылған) нысанын жасау.

Шаруа қожалықтарында бухгалтерлік есеп жүргізу нысанын таңдау бүгінгі таңда аса маңызды болғанымен пікір талас тудыратын мәселе [7].

Шаруа қожалықтарының ұйымдық және шаруашылық жүргізу ерекшеліктері, бір уақытта олардың әртүрлі статуста шаруашылық қызметін жүзеге асыруы бухгалтерлік есеп жүргізуде қиындықтар туындатады. Есеп жүргізу мен қаржылық есептілікті құруды реттеуші нормативтік құжаттарда шаруа қожалықтарының есебін жүргізу әдістемесі қарастырылмаған.

Сондықтан шаруа қожалықтарында есеп жүргізу мен салық төлеудің қазіргі кезеңдегі талаптарын қанағаттандыру үшін құрамына материалдық ресурстардың, еңбек және қаржы ресурстарының есебін жіргізу әдістемесі енгізілетін жеңілдетілген бухгалтерлік есеп жүргізу моделін жасау қажеттілігі туындап отыр.

Шаруа қожалығында бухгалтерлік есепті ұйымдастыруда олардың өздеріне тән құқықтық және ұйымдық ерекшеліктерін ескеру керек, сонымен қатар мынандай талаптардың орындалуы қамтамасыз етілуге тиісті [8]:

- есепті өзі жүргізудің негізінде өте аз мөлшерде еңбек шығынын жұмсау;
- қарапайымдылық, түсініктілік;
- есеп объектілерін толық көрсету;
- басқару шешімдерін қабылдау үшін мәліметтерді уақтылы дайындау.

Осы айтылғандардың негізінде біз шаруа қожалығында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру жөнінде төмендегі ұсыныстарды жасадық.

Шаруа қожалықтарында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылуға тиісті [9]:

- есеп жүргізудің қалыптасқан әдістемесін жетілдіру;
- бухгалтерлік есептің жеңілдетілген жүйесін жасау;
- мүліктердің, еңбек және оған ақы төлеудің, есеп айырысулар мен қаржылық нәтижелердің есебін жүргізу үшін арнайы регистрлерді жасау.

Қожалықтың шаруашылық қызметінің есебін қожалық басшысының өзі жүргізуіне болады. Ол, әрине, бір адамның өндірісті және қаржыны басқаруды ұйымдастыруына және есеп жүргізуге жұмсалатын қаражатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

Есепті ұйымдастырудағы қарапайымдылық, түсініктілік кәсіби бухгалтерлік дайындығы жоқ шаруаларға түсінікті болу қажеттігінен туындайды. Мұндай жағдайда, бухгалтерлік шоттар мен олардың корреспонденциясы пайдаланылмайтын «Кіріс – Шығыс – Қалдық» принципіне негізделген жеңілдетілген (қарапайым) бухгалтерлік есеп жүргізу моделін пайдалану тиімді болып табылады. Яғни, шаруа қожалығы есеп беру мерзімі ішіндегі өзінің табыстары мен шығыстарының сомасын арнайы кітапта көрсетеді. Кітап бір күнтізбелік жылға ашылады және оның әрбір беті номерленген, түптелген болуға тиісті. Кітаптың соңғы бетінде шаруа қожалығы басшысының қолымен және мөрімен расталған парақтардың саны көрсетіледі.

Шаруашылық операцияларының бастапқы құжаттарда уақтылы және жүйеленіп көрсетілуі барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін өз уақтысында басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін бухгалтерлік есептің маңызды міндетті қызметі. Бастапқы құжаттар мынандай міндетті реквизиттерден тұруға тиісті [10]:

1. құжаттың атауы (үлгісі);
2. толтырылған (жасалынған) мерзімі;
3. шаруашылық операциясының мазмұны;
4. шаруашылық операцияларының өлшемі;
5. лауазым иесінің және шаруашылық операцияларының орындалуына олардың құжаттарда дұрыс көрсетілуіне жауапты адамдардың атауы;
6. жауапты адамдардың қолдары.

Банк арқылы орындалатын есеп айырысу операциялары банк ережелеріне сәйкес *нақты ақша жарнасына берілетін хабарлама, чек, төлем тапсырмасы, талап-төлем тапсырмасы* сияқты ақша қаражаттары және есеп айырысу құжаттары арқылы орындалады.

Нақты ақша жарнасына берілетін хабарлама – оның банктегі ағымдағы шотына есепке алу үшін түсім қаражаттарын және нақты ақшамен салынатын басқа да сомаларды банкке қабылдау жөніндегі бұйрығы. Хабарлама сиямен бір дана етіп жазылады; қабылданған ақшаға банк квитанция (түбіртек) береді.

Ақша чегі – шаруа қожалығының банкке оның ағымдағы шотынан көрсетілген соманы нақты ақшамен еңбек ақы, іс сапар шығындарына, шаруашылық операциялары және басқа да шығындарға беру жөніндегі бұйрығы. Шаруа қожалығы алатын ақшаның мақсаты чектің сыртқы жағында көрсетіледі, оны бір дана етіп сиямен жазады. Чекпен бір мезгілде чек кітапшасында сақталатын түбіршегі толтырылады.

Төлем тапсырмасы – шаруа қожалығының банкке онда көрсетілген сомаларды өзінің ағымдағы шотынан алушының шотына аударуға берген бұйрығы. Ондай алушылар жабдықтаушы кәсіпорындар, қаржы органдары, сақтандыру және басқа да ұйымдар болуы мүмкін. Төлем тапсырмасы тауарлы-материалдық құндылықтар мен орындалған жұмыстар және қызметтер үшін есеп айырысулар кезінде, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерге алдын-ала төлем ақы жасалған кезде, заңда немесе шартта көзделген реттерде аванс төлемдері жасалған кезде пайдаланылады.

Төлем тапсырмасы, егер банк мекемесі мен шаруа қожалығының арасында өзге ескертулер болмаса, қожалықтың шотында ақша қаражаты болған жағдайда ғана орындалуға қабылданады.

Байланыс кәсіпорындары арқылы да қаражат аударымдарын шаруа қожалықтарының сомасына шектеу қоймастан төлем тапсырмаларымен көрсетіледі.

Ыңғайлы болу үшін банк үзінділері оған тіркелген бастапқы құжаттармен бірге жеке папкада сақталуға тиісті.

Шаруа қожалығына қандай болмасын ішкі шаруашылық мақсаттарға қолданылатын бастапқы құжаттарды толтырудың қажеті жоқ.

Шаруа қожалықтарының шаруашылық қызметін толық көрсетуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүргізудің жеңілдетілген (қарапайым) регистрлерін дайындау бүгінгі таңда өзекті мәселе болып отыр.

Шаруа қожалықтары – жеке кәсіпкерлер үшін бухгалтерлік есепке алудың қарапайым регистрлерінің төмендегі үлгілерін пайдалануды ұсынамыз [11]:

- Ақша қаражатын есепке алу ведомосы (В-1);
- Қорларды есепке алу ведомосы (В-2);
- Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айыры-сулардың есебін жүргізу ведомосы (В-5);
- Жабдықтаушылармен есеп айырысудың есебін жүргізу ведомосы (В-6);
- Еңбек ақы төлеу ведомосы (В-7);
- Биологиялық активтерді есепке алу ведомосы (В-9);
- Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің қозғалысын есепке алу ведомосы (В-10);
- Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер бойынша амортизациялық аударымдарды есепке алу ведомосы (В-11);

Шаруа қожалығы жекелеген жұмыстарды (әсіресе маусымдық ауылшаруашылық жұмыстарын) орындау үшін жұмысшыларды жалдайды. Мұндай жағдайда осы жұмысшылармен келісім-шарт жасалынады. Жалдамалы жұмысшылармен есеп айырысу үшін әрбір жұмысшы бойынша төлемнің түрлері, ұсталынған және берілуге тиісті сомалар көрсетілетін «Еңбек ақы төлеу ведомосы» пайдаланылуға тиісті. Ведомостың үлгісі 2 кестеде көрсетілді.

Кесте 2 – Еңбек ақы төлеу ведомосы 2017 жылдың маусым айы

Реттік номері	Тегі, аты, әкесінің аты	Есептелінген еңбек ақы сомасы, теңге	Міндетті зейнет ақы қорына аударым, теңге	Еңбек ақы-дан табыс салығы ұсталынды, теңге	Берілетін сома, теңге: 3бағ.-(4бағ.+5 бағ.)
1	2	3	4	5	6
1.	Кашатов Ербосын (қожалық басшысы)	50000	5000	3005	41995
2.	Жоламанов М.	40000	4000	2105	33895
3.	Жапарбаев Ж.	40000	4000	2105	33895
4.	Максұтов Қ.	40000	4000	2105	33895
5.	Абилдаева Г.	30000	3000	1205	25795
6.	Дастанов А.	30000	3000	1205	25795
7.	Жоламанова Г.	20000	2000	305	17695
Жиынтығы		250000	25000	12035	212965
Ескерту: Шаруа қожалығының мәліметтері негізінде дайындалды					

Қазақстан Республикасының ”Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Кодексінде шаруа (фермер) қожалықтары үшін арнаулы салық режимі қарастырылған. Бұл салық режимі бірыңғай жер салығын төлеу негізінде бюджетпен есеп айырысудың айырықша тәртібін көздейді

және акцизделетін өнімдерді өндіру, ұқсату және сату жөніндегі қызметті қоспағанда, ауылшаруашылық өнімдерін өндіру, өзі өндірген ауылшаруашылық өнімдерін ұқсату және оны өткізу жөніндегі шаруа (фермер) қожалықтары қызметіне қолданылады.

Жеке меншік құқығымен және (немесе) жер пайдалану құқығымен (кейінгі жер пайдалану құқығын қоса алғанда) жер учаскелері болған кезде шаруа (фермер) қожалықтарына арнаулы салық режимін қолдану құқығы беріледі [4].

Жер учаскесін бағалау құны бірыңғай жер салығын есептеу үшін негіз болып табылады.

Жер учаскесін (жер пайдалану құқығын) бағалау құнын айқындау Қазақстан Республикасының "Жер туралы" заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Бірыңғай жер салығы жер учаскесінің бағалау құнына 0,1 пайыз ставканы қолдану жолымен есептелінеді.

Бірыңғай жер салығын төлеуші шаруа қожалығы оның басшысын және мүшелерін қоса алғанда, әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің 20 пайыздық ставкасы бойынша әлеуметтік салық сомасын ай сайын есептеп отырады[4].

Шаруа қожалығының мүліктерін жер көлемі, негізгі және айналым құралдары, биологиялық активтер құрайды. Жергілікті әкімшіліктен шаруа қожалығына оның жер иелену құқығын растайтын құжат (Акт) берілген. Бұл құжатта қожалық жерінің көлемі жөніндегі мәліметтер, сонымен бірге оның қысқаша сипаттамасы берілген. Сондықтан олардың есебін арнайы кітапта жүргізудің қажеті жоқ деп есептейміз.

Шаруа қожалығындағы негізгі құралдарға пайдалану мерзімі бір жылдан артық еңбек құралдары жатады. Мысалы, өндірістік ғимараттар, құрылғылар, ауылшаруашылық машиналары және жабдықтар, көлік құралдары және тағы басқалар.

Ауылшаруашылығы саласында «Биологиялық активтер» деп аталатын топқа енген өсімдіктер мен жануарлар объектілерінің есебін жетілдіру мәселелері ерекше маңызға ие болды.

Шаруа қожалығында биологиялық активтердің есебін жүргізу әдістемесі қаржылық есептіліктің Ұлттық стандартымен және № 41 «Ауыл шаруашылығындағы есеп» деп аталатын халықаралық стандартымен реттелуге тиісті. Жоғарыда аталған стандартқа сәйкес биологиялық актив (биологиялық активтер тобы) – дегеніміз ауыл шаруашылық өндірісі барысында дайын өнім алу мақсатында көп немесе аз дәрежеде адамдар әсер ететін объектілер (қойлар, сүт беретін ірі қара малдар, өсімдіктер, орман шаруашылығындағы ағаштар, жүзімдіктер, жеміс-жидек ағаштары, бұталы өсімдіктер және т.б.) [12].

Қазіргі кезде бухгалтерлік есепті нормативтік-құқықтық реттеуші жүйеде биологиялық активтермен орындалатын операциялардың есебін реттеуші ережелер жоқ [13].

Биологиялық активтер мен ауылшаруашылық өнімдерінің есебін жүргізуде олардың бағалануы маңызды мәселелердің бірі болып табылады

Биологиялық актив есепке алу кезінде және одан кейінгі әрбір есепті мерзімде сатып өткізу бойынша болжамды шығыстарды алып тастай отырып, әділетті құнымен бағаланады. Сатып-өткізу бойынша шығыстарға брокерлер мен дилерлерге төленетін сый ақы, реттеуші органдар мен тауар биржаларына төлемдер, меншікке беру салықтары, сонымен бірге алымдар кіреді. Сатып-өткізу шығыстарына көлік-тасымалдау шығыстары және активті базарға жеткізу бойынша басқа да шығыстар жатпайды [14].

Ресей ғалымы Е. П. Криничнаяның еңбегінде атап көрсетілгендей, қаржылық есептіліктің 41 «Ауыл шаруашылығы» халықаралық стандарты биологиялық активтердің қозғалысы бойынша бастапқы құжаттардың жасалуын, биологиялық активтерге қатысты қаржылық есептілік нысандарының қайта қаралуын, ұйымдардың есеп саясатының жетілдірілуін талап етеді. Алайда, ауылшаруашылығы ұйымдары үшін олардан да маңызды мәселе сенімдірек бағалау тәсілін таңдау болып табылады [15].

Биологиялық активтердің есебін жүргізу үшін «Биологиялық активтер есебінің ведомосын (В-9) пайдалану қажет.

Шаруа қожалығында негізгі құралдар бастапқы құны бойынша есепке алынады. Негізгі құралдардың бастапқы құнын оларды сатып алуға байланысты нақты шығындар: сатып-өткізу бағасы бойынша бағаланған құны, сақтау және тасымалдау шығындары құрайды.

Шаруа қожалығының шаруашылық қызметі жағдайында негізгі құралдардың қозғалысының есебін жүргізу үшін В-10 үлгідегі «Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің қозғалысы есебінің ведомосын» пайдалану қажет деп есептейміз.

Айналым құралдарына (қорларға): тұқым, тыңайтқыштар, материалдар, жанар-жағар майлар, қосалқы бөлшектер, өсімдік қорғау құралдары, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының дайын өнімдері және тағы басқалар жатады.

Негізгі және айналым құралдарын сатып алу жабдықтаушы кәсіпорын толтыратын шоттар немесе басқа құжаттар бойынша жүзеге асырылады. Негізгі және айналым құралдарын сатып-өткізу шаруа қожалығында шот-фактура арқылы орындалады. Бұл құжатта сатып-өткізілген материалдық құндылықтардың саны, сатып өткізу бағасы және құны көрсетіледі.

Шаруа қожалығында есепті жыл ішінде орындалған барлық шаруашылық операциялары жоғарыда аталған құжаттардың негізінде, екі жақты (қосарлы) жазу әдісін, субъектінің қаржы-шаруашылық қызметі бухгалтерлік есебінің шоттар тізбегін пайдаланбай-ақ, Табыстар мен шығыстар есебінің кітабында көрсетілуге тиісті.

Кітапта шаруашылық операциялары жыл бойы хронологиялық тәртіппен көрсетіледі, табыстар мен шығыстар бойынша жиынтық есеп жылдың аяғында шығарылады.

Кітап титулдық беттен және табыстар мен шығыстар есебін жүргізу ведомосынан тұрады.

Кітапта жіберілген қателерді түзету негізді болуға тиісті және ол жеке кәсіпкердің қолымен жеке мөрмен расталуға тиісті.

Шаруа қожалығының табыстары мен шығыстарының есебін жүргізу кітабы 3 кестеде келтірілді.

Кесте 3. «Ербосын» шаруа қожалығының табыстары мен шығыстары есебінің кітабы (2017 жылдың мәліметтері алынды)

1 Титулдық беті

Жеке кәсіпкердің тегі, аты, жөні Кашаков Ербосын Алдасугурович Шаруа қожалығының аты: «Ербосын» Салық бойынша тіркелу номері: № 210410076850 Кәсіпкерлік қызметтің түрі: Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп, сату	Тіркеме куәлігі: Куәлік сериясы: Куәлік номері: Куәлік беру мерзімі: Мекен, жайы: Алматы облысы, Жамбыл ауданы Банктік реквизиттер: Ағымдағы шотының номері: №002643745 Жұмыс істеу мерзімі: 1 қаңтар – 31 желтоқсан 2017ж
---	---

2 Табыстар мен шығыстардың есебін жүргізу ведомосы

Құжаттар			Шаруашылық операцияларының мазмұны	Табыстар теңгемен	Шығыстар теңгемен
Толтырылған мерзімі	құжаттың атауы	Номері			
1	2	3	4	5	6
10.01.	Шот	24	Тұқым сатып алынды	-	220000
10.03	Шот	10	Тыңайтқыштар сатып алынды	-	90810
10.05	Шот	12	Өсімдік қорғау құралдары сатып алынды	-	90000
18.05.	Шот	35	Құрылыс материалдары сатып алынды	-	711370
22.05.	Шот	5	Сатып-өткізілген ірі қара мал өнімі (сүт) үшін табыс есептелді	213000	-
27.05	Шот	48	Жанар-жағар май сатып алынды	-	300000
27.05.	Шот	69	Қосалқы бөлшектер сатып алынды	-	120000
30.05	Есеп айырысу ведомосы	1	Жұмысшыларға еңбек ақы есептелді	-	42000

Кестенің жалғасы

10.06	Шот	42	Астық қоймасына жөндеу жүргізілді	-	200000
30.06.	Есеп айырысу ведомосы	2	Жұмыскерлерге еңбек ақы есептелді	-	46000
27.07.	Шот	69	Қосалқы бөлшектер сатып алынды	-	110000
30.07.	Есеп айырысу ведомосы	2	Жұмыскерлерге еңбек ақы есептелді	-	50000
30.08.	Есеп айырысу ведомосы	3	Жұмыскерлерге еңбек ақы есептелді	-	145000
30.08	Шот	48	Жанар-жағар май сатып алынды	-	150000
10.09.	Шот	6	Сатып-өткізілген дайын өнім (бидай) үшін табыс есептелді	1298000	-
28.09.	Шот	8	Сатып-өткізілген дайын өнім (пияз) үшін табыс есептелді	280000	-
30.09.	Есеп айырысу ведомосы	4	Жұмысшыларға еңбек ақы есептелді	-	60000
25.10.	Шот	10	Сатып-өткізілген қой шаруашылығы өнімі (жүн) үшін табыс есептелді	398000	-
30.10.	Есеп айырысу ведомосы	5	Жұмысшыларға еңбек ақы есептелді	-	50000
10.11.	Шот	11	Сатып-өткізілген ірі қара мал өнімі (ет) үшін табыс есептелді	233000	-
18.11.	Шот	12	Сатып-өткізілген қой шаруашылығы өнімі (ет) үшін табыс есептелді	243000	-
28.11.	Есептеу жолымен	өңдеу кестес	Негізгі құралдар бойынша тозу (амортизация) сомасы есептелді	-	16782
10. 12	Декларация		Бірыңғай жер салығы есептелді	-	338
28.12.	Есептеу жолымен	1	Әлеуметтік салық есептелді	-	14700
Жиынтығы				2665000	2417000


Табыстар мен шығыстардың есебін жүргізу кітабының соңғы парағында кітаптағы бар парақтардың саны көрсетіліп, қожалық басшысының қолымен және қожалықтың жеке мөрімен расталады.

Шаруа қожалығында, оның шаруашылық қызметін жүзеге асыру барысында орындалған операциялар Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңымен белгіленген талаптарға сай келетін бастапқы құжаттармен рәсімделеді.

Шаруа қожалығының табыстары мен шығыстарының арасындағы айырмашылық оның шаруашылық қызметінің таза табыс немесе зиян түріндегі қаржылық нәтижесін көрсетеді.

Жоғарыда айтылған ұсыныстарды қорыта келіп, микрошағын шаруа қожалығында бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың төмендегі сызбасы жасалынды (1-сурет).

Сонымен, бухгалтерлік есеп шаруа қожалықтарының өндіріс үдерісіне, материалдық, еңбек құралдарының және ақша қаражаттарының нақты бары мен олардың пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етуші бөлінбейтін міндетті қызметі деген қорытындыға келеміз. Себебі шаруа қожалықтарында тіпті ең қарапайым есептің жүргізілуі шаруашылық қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуге, салықтардың түрлері бойынша салық базасын анықтауға, несие алуға, өндірістік қызметті жоспарлауға, шаруашылықта бар мүліктер, өндіріс шығындары, өндірілген өнімнің көлемі және сатып-өткізуден түсетін табыстардың келіп түсуі туралы ақпараттар алуға, қожалық мүшелерімен және үшінші жақтағы тұлғалармен есеп айырысуға, шаруашылық қызметтің нәтижесін талдауға, шаруашылық құралдары мен олардың құралу көздерінің қозғалысына, қожалық мүлкінің сақталуына бақылау жасауға мүмкіндік береді.



1 Сурет – Микро- шағын шаруа қожалығында бухгалтерлік есепті ұйымдастыру

Шаруа қожалықтарында бухгалтерлік есепті жеңілдетілген (крапайым) нысанда ұйымдастыру қожалық басшысына есепті өзі жүргізудің негізінде өте аз мөлшерде еңбек шығынын жұмсауға, есеп ақпараттарының қарапайымдылығы мен түсініктілігін қамтамасыз етуге, есеп объектілерін толық көрсетуге, басқару шешімдерін қабылдау үшін мәліметтерді уактылы дайындауға жағдай туғызады деп топшылауға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана – 2018. – 10 қаңтар.
- 2 Сельское, лесное и рыбное хозяйства в Республике Казахстан // Статистический сборник на казахском и русском языках. – Агентство статистики Республики Казахстан. – 248 с.
- 3 Кодекс Республики Казахстан от 29 октября 2015 года № 375-V «Предпринимательский кодекс Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.12.2016 г.) [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: https://online.zakon.kz/-Document/?doc_id=38259854#pos=0;0 (дата обращения: 16.04.2018)
- 4 Кодекс РК «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (с изменениями и дополнениями от 04.02.2016). – Астана, 2016. – 709 с.
- 5 Нестерук О. А. Развитие бухгалтерского учета в крестьянских (фермерских) хозяйствах: дис. ... канд. экон. наук / Ростовский государственный университет. – Ростов на Дону, 2009. – 180 с.
- 6 Bayboltaeva N. A., Makulova A. T., Abaeva K., Alibekova B. A., Bolysbayeva A. Problems of Development of Accounting on Peasant (Farm) Enterprises in Republic of Kazakhstan // Asian Social Science. – 2015. – № 11 (14). – с. 211.

- 7 Тришканова И. Е., Мосунова Е. Л. Выбор формы бухгалтерского учета в крестьянских (фермерских) хозяйствах // Учетно-аналитические инструменты, развития инновационной экономики: материалы II Международной научно-практической конференции студентов и молодых ученых. – Княгино, 2011. – С. 22-25
- 8 Байболтаева Н. А., Макулова А. Т., Исакова Г. Проблемы организации учета в крестьянских (фермерских) хозяйствах Казахстана // Сборник научных статей по итогам международной научно-практической конференции: «Актуальные вопросы современной науки: Экономика, управление проектами, политология, психология, право, педагогика, социология, медицина, философия». – СПб, 2013.
- 9 Baiboltayeva N., Bolysbayeva A. Accounting problems of peasant (farmer) farms in kazakhstan // Материалы Международной научно-практической конференции «Финансово-экономические проблемы развития сельских территорий». – 2014.
- 10 Фахретдинова Э. Н. Развитие методического обеспечения бухгалтерского учета в крестьянских (фермерских) хозяйствах: дис. ... канд. экон. наук / Казанский государственный аграрный университет. – Казань, 2011. – 207 с.
- 11 Национальный стандарт финансовой отчетности. – Алматы: ИД «БИКО», 2013. – С. 3-20.
- 12 Методические рекомендации по применению международных стандартов бухгалтерского учета и финансовой отчетности. – Алматы: ИД «БИКО», 2008. – 248 с.
- 13 Байболтаева Н. А., Макулова А. Т. Проблемы учета биологических активов и сельскохозяйственной продукции в республике Казахстан в соответствии с требованиями МСФО (IAS) 41 «Сельское хозяйство» // Збірник наукових праць Таврійського державного агротехнологічного університету (економічні науки). – 2013. – № 1 (21). – Том 1. – с. 327-336.
- 14 Бычкова С., Миронова И. Учет в сельском хозяйстве (LAS 41) // Бюллетень бухгалтера – Международные стандарты финансовой отчетности. – 2006. – № 3. – С. 72-78.
- 15 Криничная Е. П. Теоретико-методические аспекты бухгалтерского учета и оценки биологических активов в сельскохозяйственных организациях: автореф. ... канд. экон. наук. – Москва, 2011. – 28 с.

References

- 1 "Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N. A. Nazarbaevtyн «Tortinshi onerkasiptik revolyutsiya zhagdaiyndagy damudyn zhana mumkindikteri» atty Kazakstan khalkyna Zholdauy" (2018), Astana. (In Kazakh)
- 2 "Sel'skoe, lesnoe i rybnoe khozyaistva v Respublike Kazakhstan", *Statisticheskii sbornik na kazakhskom i russkom yazykakh*. – *Agentstvo statistiki Respubliki Kazakhstan*. (In Russian)
- 3 "Kodeks Respubliki Kazakhstan ot 29 oktyabrya 2015 goda № 375-V "Predprinimatel'skii kodeks Respubliki Kazakhstan" (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 28.12.2016 g.)" (2015), available at: https://online.zakon.kz/-Document/?doc_id=38259854#pos=0;0 (Accessed April, 16, 2018) (In Russian)
- 4 "Kodeks RK "O nalogakh i drugikh obyazatel'nykh platezhakh v byudzheth" (s izmeneniyami i dopolneniyami ot 04.02 2016)" (2016), Astana. (In Russian)
- 5 Nesteruk O.A. (2009), "Razvitie bukhgalterskogo ucheta v krest'yanskikh" (ferkhosyaistvakh: dis. ... kand. ekon. nauk / Rostovskii gosudarstvennyi universitet, Rostov na Donu. (In Russian)
- 6 Bayboltaeva N.A., Makulova A.T., Abaeva K., Alibekova B.A., Bolysbayeva A. (2015), "Problems of Development of Accounting on Peasant (Farm) Enterprises in Republic of Kazakhstan", *Asian Social Science*, Vol. 11 No. 14, pp. 211.
- 7 Trishkanova I.E., Mosunova E.L. (2011), "Vybor formy bukhgalterskogo ucheta v krest'yanskikh (fermerskikh) khozyaistvakh", *Uchetno-analiticheskie instrumenty, razvitiya innovatsionnoi ekonomiki: materialy II Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii studentov i molodykh uchenykh*, Knyagino, pp. 22-25. (In Russian)
- 8 Baiboltaeva N.A., Makulova A.T., Isakova G. (2013), "Problemy organizatsii ucheta v krest'yanskikh (fermerskikh) khozyaistvakh Kazakhstana", *Sbornik nauchnykh statei po itogam mezhdunarodnoi nauchno-*

prakticheskoi konferentsi: "Aktual'nye voprosy sovremennoi nauki: Ekonomika, upravlenie proektami, politologiya, psikhologiya, pravo, pedagogika, sotsiologiya, meditsina, filosofiya", Saint Petersburg. (In Russian)

9 Baiboltayeva N., Bolysbayeva A. (2014), "Accounting problems of peasant (farmer) farms in kazakhstan", *Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii "Finansovo-ekonomicheskie problemy razvitiya sel'skikh territorii"*. (In Russian)

10 Fakhretdinova E.N. (2011), "Razvitie metodicheskogo obespecheniya bukhgalterskogo ucheta v krest'yanskikh (fermerskikh) khozyaistvakh: dis. ... kand. ekon. nauk", *Kazanskii gosudarstvennyi agrarnyi universitet, Kazan'*. (In Russian)

11 Natsional'nyi standart finansovoi otchetnosti (2013), ID "BIKO", Almaty. (In Russian)

12 "Metodicheskie rekomendatsii po primeneniyu mezhdunarodnykh standartov bukhgalterskogo ucheta i finansovoi otchetnosti" (2008), ID "BIKO", Almaty. (In Russian)

13 Baiboltaeva N.A., Makulova A.T. (2013), "Problemy ucheta biologicheskikh aktivov i sel'skokhozyaistvennoi produktsii v respublike Kazakhstan v sootvetstvii s trebovaniyami MSFO (IAS) 41 "Sel'skoe khozyaistvo", *Zbirnik naukovikh prats' Tavriis'kogo derzhavnogo agrotekhnologichnogo universitetu (ekonomichni nauki)*, Vol. 1 No. 21, Tom 1, pp. 327-336. (In Russian)

14 Bychkova S., Mironova I. (2006), "Uchet v sel'skom khozyaistve (LAS 41)", *Byulleten' bukhgaltera – Mezhdunarodnye standarty finansovoi otchetnosti*, Vol. 3, pp. 72-78. (In Russian)

15 Krinichnaya E.P. (2011), "Teoretiko-metodicheskie aspekty bukhgalterskogo ucheta i otsenki biologicheskikh aktivov v sel'skokhozyaistvennykh organizatsiyakh: avtoref. ... kand. ekon. nauk", Moscow. (In Russian)

Резюме

В статье представлены результаты исследования, обоснована целесообразность применения модели упрощенного бухгалтерского учета. Показано, что эти проблемы практически могут быть решены разработкой регистров бухгалтерского учета, соответствующих требованиям современного законодательства в республике и позволяющих наиболее полно учитывать хозяйственную деятельность крестьянских (фермерских) хозяйств.

Summary

The article presents the results of the study, the expediency of applying the simplified accounting model is justified. It is shown that these problems can practically be solved by the development of accounting registers that meet the requirements of the modern legislation in the country and allow the fullest consideration of the economic activities of peasant (farm) farms.

*Материал поступил
в редакцию 23.05.2018*